

**Оқу-өндірістік жұмыс бойынша 2024-2025 оқу жылы
атқарылған жұмыстар туралы талдау есебі
«ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі» ҚМҚК
ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК, ҚАМҚОРЛЫҚ
ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ПЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУ**

Талдаудың мақсаты:

Колледждің әлеуметтік серіктестермен, кәсіпорындармен және халықаралық білім беру мекемелерімен өзара әрекеттесу деңгейі мен бағыттарын бағалау, тәжірибеге бағытталған оқыту тәсілін күшейту және түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту.

Талдаудың міндеттері:

- Әлеуметтік серіктестік пен қамқорлықтың белсенді түрлерін анықтау;
- Қолданыстағы меморандумдар тізімін ұсыну;
- Халықаралық байланыстар мен серіктестіктерді көрсету;
- Ынтымақтастықтың әрі қарай дамытуды қажет ететін бағыттарын айқындау.

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ПЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Колледж бизнес және өндіріс өкілдерімен тығыз байланыс орнатып, өндірістік тәжірибе, тағылымдамалар, бірлескен іс-шаралар өткізу және студенттердің кәсіби дайындығының сапасын арттыру мақсатында қамқорлық және әріптестік туралы келісімшарттар жасасуда.

Қамқоршылық жүргізетін серіктес ұйымдар:

1. ЖК «SLON сыртқы жарнама орталығы» – 12.04.2024 бастап
2. «NEXSUS SERVICE» ЖШС – 12.12.2024 бастап
3. «СТИК STAR» ЖШС – 24.01.2025 бастап
4. «Қазақтелеком» АҚ – 08.01.2025 бастап
5. «ВИАМЕД» ЖШС – 10.01.2025 бастап

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕ ЖАСАЛҒАН МЕМОРАНДУМДАР

Колледж өзара тиімді ынтымақтастықты, кәсіби даярлықты, тәжірибе алмасуды және түлектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету мақсатында бірқатар ұйымдармен, кәсіпорындармен және жоғары оқу орындарымен меморандумдар жасасты:

1. «SUTOKAZAKSTAN» ЖШС – 30.05.2025
2. «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ – 29.03.2025

3. Конаев қаласындағы көпсалалы колледж, Алматы облысы білім басқармасы – 03.02.2025
4. «Жәрдем баспасы» типографиясы – 11.12.2024
5. «AlinaGroup» ЖШС – 15.11.2024
6. «Қазпошта» АҚ – 26.09.2024
7. «Семей цемент зауыты» ЖШС – 30.09.2024

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Колледж жақын және алыс шетелдердегі білім беру ұйымдарымен серіктестік орнатып, халықаралық байланыстарды белсенді түрде кеңейтуде.

Академиялық ұтқырлықты, тәжірибе алмасуды, бірлескен жобалар мен байқауларға қатысуды қамтамасыз ететін меморандумдар мен келісімдер жасалды.

Халықаралық серіктестер тізімі:

1. ГАПОУ «Халықаралық құзыреттер орталығы – Қазан ақпараттық технологиялар және байланыс техникумы» (Ресей) – 03.02.2025
2. Томск мемлекеттік басқару жүйелері және радиоэлектроника университеті (Ресей)
3. Душанбе қаласының инженерлік-педагогикалық колледжі (Тәжікстан) – 25.11.2024
4. Харбин политехникалық университеті (ҚХР) – 15.07.2024
5. IT технологиялар бойынша №99 кәсіптік лицей (Қырғызстан) – 11.12.2024
6. Коммуникация және IT саласы бойынша №98 кәсіптік лицей (Қырғызстан) – 12.12.2024
7. IT және бизнес саласындағы халықаралық колледж «Салымбеков университеті» (Қырғызстан) – 12.12.2024
8. №93 кәсіптік лицей, Қырғыз Республикасы Білім және ғылым министрлігі (Қырғызстан) – 11.12.2024

ІС-ШАРАЛАР

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

2024 жылдың 27 қыркүйегінде Семей қаласы, Затаевич көшесі, 4-үй мекенжайында кәсіптік бағдар күніне арналған облыстық дөңгелек үстел өтті.

Тақырыбы: «Кәсіптік бағдар: МЕКТЕП – КОЛЛЕДЖ – КӘСІПОРЫН үшжақты ынтымақтастығының өзекті аспектілері»

Мақсаты: мектептермен, әлеуметтік серіктестермен және болашақ жұмыс берушілермен кәсіптік бағдар, даярлау және түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша сындарлы серіктестіктің тиімді нысандарын іздестіру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жыл – Жұмысшы кәсіптерінің жылы деп жарияланды. Осыған байланысты техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде реформалар жүргізу тапсырылды. Бұл жыл қоғамда еңбекқорлық пен кәсіби шеберлік құндылықтарын дәріптеуге бағытталған. Адал еңбекпен табысқа жеткен адамдар әрдайым құрметке ие болуы қажет.

Ұйымдастырушылар:

- КММ «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы»
- Абай облысы білім басқармасы
- КМКҚ «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі», Семей қаласы

Қатысушылар:

КММ «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталығы» әдіскері — Аукишева Мейрамгүл Маулитовна, колледждің әлеуметтік серіктестері, Семей қаласының мектеп өкілдері, Абай облысының кәсіпкерлер палатасы.

Модераторлар:

ОӘЖ директорының орынбасары — Шалова Ф.К., арнайы пәндер ПЦК төрайымы — Қонақбаева Г.К.

Бағдарлама келесі үш блоктан тұрды:

- Ақпараттық блок
 - Талқылау (пікір алмасу) блогы
 - Практикалық блок
- *Фотоматериалдар*





Іс-шара қорытындысы бойынша барлық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМБС) сәйкес базалық құзыреттерге және кәсіпорындардың талаптарына негізделген түлек моделі әзірленді.

Дөңгелек үстелге қатысушылардың барлығы Алғыс хаттармен және сертификаттармен марапатталды.

«DEMODAY» МАСТЕР-КЛАССЫ

2025 жылдың 20 ақпанында Абай облысында жарияланған Жұмысшы кәсіптерінің жылы аясындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес, IT және жаңа технологиялар жоғары колледжінде «DemoDay» мастер-классы өткізілді.

Іс-шараға колледждің әлеуметтік серіктестері қатысты, олардың қатарында: «Қазахтелеком» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Техцентр Семей» ЖШС, «АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС, «ВИАМЕД» ЖШС, Консультативтік-диагностикалық орталық, «NEXSUS SERVICE» ЖШС, «Алби» ЖШС, «Жәрдем баспасы» типографиясы бар.

Мастер-классты Абай облысындағы колледждердің білікті оқытушылары әлеуметтік серіктестермен бірлесе отырып жүргізді.

Сонымен қатар, іс-шараға онлайн форматта Тәжікстан Республикасы, Душанбе қаласындағы Инженерлік-педагогикалық колледж қатысып, шараға халықаралық деңгей мен кәсіби диалог кеңістігін қосты.

Мастер-класқа қатысқан студенттер өздерінің кәсіби дағдыларын сәтті көрсетіп, таңдаған мамандығы бойынша болашақта табысты жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін дәлелдеді.

Фотоматериалы



«BEST IN IT PROFESSION» ПЕДАГОГТАР АРАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ЧЕМПИОНАТ

2025 жылдың 27–28 ақпанында Абай облысы, Семей қаласындағы КГКП «IT және жаңа технологиялар жоғары колледжінде» **«Best in IT Profession»** атты IT бағыты бойынша педагогтар арасындағы кәсіби чемпионат сәтті өтті.

Бұл чемпионат өңірдің білім беру саласында маңызды оқиғаға айналып, қатысушыларға өздерінің кәсіби дағдыларын көрсетуге, тәжірибе алмасуға және заманауи білім беру тәжірибелерімен танысуға мүмкіндік берді.

Чемпионаттың мақсаты:

- IT пәндерін оқытуда кәсіби стандарттарды көтеру;
- Заманауи оқыту әдістемелерін енгізіп жүрген дарынды педагогтарды анықтау және қолдау;
- Ақпараттық технологиялар саласында педагогикалық тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Чемпионатқа өңірдегі түрлі білім беру ұйымдарының оқытушылары, сондай-ақ Ресей Федерациясынан келген қатысушы — **Куница Дмитрий Маратович** (АНПО «СИЭУИП», Сургут қ.) қатысты. Ол **«Желілік және жүйелік әкімшілендіру»** құзыреттілігі бойынша бақ сынады. Оны **Эспергенов Асанбий Қазмұханбетұлы**, АНПО «СИЭУИП» мекемесінің «Желілік және жүйелік әкімшілендіру» кафедра меңгерушісі дайындады.

Қатысушылардың жұмысын бағалаған тәуелсіз сарапшылар:

- Нұрлыбаев Т.А. — Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Ақпараттық қауіпсіздік» кафедрасының профессор-ассистенті;
- Қожахметова Д.О. — PhD, қауымдастырылған профессор.

Құзыреттер бойынша жеңімпаздар:

Мобильді қосымшаларды әзірлеу

- 1 орын — Шаймерденов Нариман Бауржанович («Innovative College»)
- 2 орын — Манабов Мадияр Жумагазиевич («Кайнар» жоғары колледжі)
- 3 орын — Кабдылов Ерлен Айдынович (Д. Бабатайұлы атындағы Семей жоғары колледжі)

WEB-технологиялар

- 1 орын — Қасымжанов Айдын Кездікбаевич (КГКП «IT және жаңа технологиялар жоғары колледжі»)
- 2 орын — Аскаров Мадияр Ринатович («Innovative College»)
- 3 орын — Пономарев Александр Александрович (КГУ «Бородулиха колледжі»)

Графикалық дизайн

- 1 орын — Жүнісжанов Бақнұр Бақытғазыұлы (Р. Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі)
- 2 орын — Тұрсынғали Ерзат Қанатұлы (Шәкәрім атындағы жоғары колледж)
- 3 орын — Ысқақов Қуаныш Қуатұлы (КГКП «IT және жаңа технологиялар жоғары колледжі»)

Желілік және жүйелік әкімшілендіру

1 орын — Әділғазиев Әкежан Әділетұлы (КГКП «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі»)

2 орын — Куница Дмитрий Маратович (АНПО «СИЭУИП», Сургут қ.)

2 орын — Матюшенко Роман Леонидович (КГКП «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі»)

Чемпионат өткізу оқытушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға, кәсіби байланыстарды кеңейтуге және ІТ саласындағы білім беру процесін жетілдірудің өзекті бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Жоспар бойынша, «Best in IT Profession» чемпионаты жыл сайынғы дәстүрге айналып, ІТ-білім беру саласындағы аймақтық және халықаралық деңгейдегі мамандарды біріктіретін алаң болмақ.

Фотоматериалдар



JASSKILLS ABAI – 2025 ЧЕМПИОНАТЫ

Абай облысы, Семей қаласындағы КГКП «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжінде» ашық апта аясында **Jasskills Abai – 2025 чемпионаты** өтті. Бұл – 8–11 сынып оқушыларына арналған ауқымды кәсіби бағдар беру шарасы болды.

Іс-шара ақпараттық технологиялар мен инженерлік бағыттар бойынша оқушылардың практикалық дағдылары мен шығармашылық әлеуетін көрсетуге арналған алаң ретінде ұйымдастырылды. Қатысушылар келесі құзыреттіліктер бойынша сынға түсті:


- Графикалық дизайн (оның ішінде инклюзивті бағыт)
- Web-дизайн (оның ішінде инклюзивті бағыт)
- 3D модельдеу және прототиптеу
- Радиотехника
- Кибер-турнир
- Заттар интернеті (IoT)
- Желілік технологиялар
- Ақпараттық қауіпсіздік
- Бұлтты технологиялар

Чемпионат өңірдің талантты оқушыларын біріктіріп қана қоймай, жоғары технологиялар мен инженерия саласындағы ерте кәсіби бағдарды дамытуға жол ашты.

Чемпионат жеңімпаздары дипломдармен марапатталып, колледжде таңдаған мамандықтары бойынша мемлекеттік білім гранттарын, сондай-ақ Cisco Network Academy сертификацияланған курсын тегін өту мүмкіндігін иеленді.

Jasskills Abai – 2025 чемпионатының өткізілуі техникалық мамандықтарға ерте қызығушылық пен қабілеттерді анықтаудың маңыздылығын, сондай-ақ мектептер, колледждер мен ІТ-индустрия арасындағы тұрақты байланыстың қажет екенін көрсетті.

Фотоматериалдар



САПАЛЫ ҚҰРАМ (ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ ШЕБЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ПӘН ОҚЫТУШЫЛАРЫ) САНАТЫ, ЕҢБЕК ӨТІЛІ, БІЛІМІ

Өндірістік оқыту шеберлері

Қазіргі таңда колледжде 8 өндірістік оқыту шебері қызмет атқаруда.

Арнайы пән оқытушылары

Колледжде 10 арнайы пән оқытушысы жұмыс істейді.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ МЕН ТАҒЫЛЫМДАМА

Халықаралық тағылымдамалар:

Түркия — 24.03–28.03.2025 ж. аралығында, директор орынбасарлары

Италия — 18.05–25.05.2025 ж., директор және әлеуметтік серіктес

Корея — 15.06–22.06.2025 ж., директор


Қытай — 17.08–27.08.2025 ж., директор және директордың орынбасары

Ресей — 02.03–08.04.2024 ж., директор және директордың орынбасары

Бұл тағылымдамалар білім беру сапасын арттыру, шетелдік тәжірибені енгізу және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында жүзеге асырылды.

ТӘЖІРИБЕ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ





ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ

Қазіргі таңда дуалды оқыту жүйесінде **105 студент** білім алуда. **2024 жылғы бітіруші түлектер саны – 18**, олардың ішінде **5 студент** жұмысқа орналасты.

WORLD SKILLS ABAI – 2025 РЕГИОНАЛДЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСУ НӘТИЖЕЛЕРІ

WorldSkills Abai – 2025 кәсіби шеберлік бойынша өңірлік чемпионаты аясында КГКП «ІТ және жаңа технологиялар жоғары колледжі» **55 құзыреттіліктің ішінен 16 құзыреттілік бойынша қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді.**

Чемпионат нәтижесі бойынша студенттер келесі бағыттарда жүлделі орындарға ие болды:

1 орын иегерлері:

1. Жүйелік әкімшілендіру — Оразаев Асқар
2. Web-дизайн — Тұрсынов Ердана

3. Компьютерлік ойындарға арналған 3D модельдеу — Гребенюк Ярослав
4. Мобильді қосымшаларды әзірлеу — Баймұрат Рамазан
5. CAD инженерлік графикасы — Михайличенко Даниил
6. Бұлтты технологиялар — Жұматаев Алдияр
7. Фото және видео монтаж — Уахыт Жангір Жанболатұлы
8. Мобильді робототехника — Семёнов Иван Александрович, Дахно Денис Юрьевич
9. Электроника — Айтқазин Аян Нұрланұлы
10. Прототиптеу — Қалқаманов Аян Русланұлы
11. Заттар интернеті (IoT) — Омарханов Алдияр Мұсылманбекұлы
12. Ақпараттық қауіпсіздік — Азаматов Жан Азаматұлы
13. Ақпараттық-кабельдік желілер — Темірханов Арсен Ерланұлы

2 орын иегерлері:

1. Графикалық дизайн — Мутовина Дарья Сергеевна
2. Мобильді робототехника — Шульц Роман Артемович, Шумсков Григорий Евгеньевич
3. Электроника — Тимофеев Денис
4. Прототиптеу — Мырзатаев Әмір Акімтайұлы
5. Заттар интернеті (IoT) — Марленова Айсара
6. Ақпараттық-кабельдік желілер — Дастанұлы Әлішер
7. Ақпараттық қауіпсіздік — Третьякова Нелли Нұрболатқызы

3 орын иегерлері:

1. Бизнеске арналған IT-шешімдер — Хайбулин Эрик
2. Ұшқышсыз ұшу аппараттарын басқару — Васильев Виктор Юрьевич
3. Мобильді робототехника — Балағазин Азамат Серікович, Ержанов Мәдиер Ержанұлы
4. Электроника — Әбділов Алан
5. Прототиптеу — Дәулет Манас
6. Заттар интернеті (IoT) — Әженев Әлихан Ілиясұлы
7. Ақпараттық-кабельдік желілер — Рыспаева Әнел Қуанышқызы
8. Ақпараттық қауіпсіздік — Дәутбек Мәди Әлімғазыұлы
9. Компьютерлік ойындарға арналған 3D модельдеу — Жекібаев Сұңқар

Жалпы нәтиже:

1 орын – 13 медаль

2 орын – 7 медаль

3 орын – 9 медаль

Жалпы: 29 жүлделі орын.

WorldSkills Abai – 2025 чемпионатына қатысу студенттердің кәсіби шеберлігінің артуына, колледждегі оқу үдерісінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын дәлелдеуге және тәжірибеге бағытталған оқытудың тиімділігін көрсетуге мүмкіндік берді.

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша келесі тұжырымдар жасалды:

- Колледж техникалық және кәсіптік білім берудің негізгі бағыттары бойынша тұрақты даму динамикасын көрсетті;
- Кәсіпорындармен, ұйымдармен және халықаралық мекемелермен берік серіктестік байланыстар орнады;
- Студенттердің кәсіби шеберлік бойынша аймақтық чемпионаттарда жоғары бәсекеге қабілеттілігі дәлелденді;
- Заманауи білім беру ресурстары, цифрлық платформалар және кәсіби сертификаттау бағдарламаларына қолжетімділік қамтамасыз етілді.

Осы жетістіктерге сүйене отырып, 2025–2026 оқу жылына келесі бастамаларды жүзеге асыру ұсынылады:

1. «Abilympics» чемпионатын өткізу

Инклюзивті білім беру ортасын кеңейту және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау мақсатында колледж ішінде **«Abilympics» чемпионатын** өткізу жоспарлануда. Чемпионат студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға, өз-өзіне сенімділікті арттыруға және әлеуметтік бейімделуге бағытталады.

2. Дуалды оқытуды дамыту

Колледж дуалды оқыту жүйесін қолданыстағы және жаңа әлеуметтік серіктестермен бірлесе отырып жалғастыруды және кеңейтуді көздейді. Басым міндеттердің бірі — теория мен практика арасындағы байланысты нығайта отырып, дуалды оқытумен қамтылған студенттер санын арттыру.

3. Цифрлық құзыреттіліктерді нығайту

Цифрлық экономиканың талаптарын ескере отырып, колледж білім беру үдерісін цифрландыру бағытында жұмысын жалғастырады. Оған онлайн платформалар, виртуалды зертханалар, қашықтықтан тәжірибе және цифрлық білім ресурстарын енгізу жатады. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар саласында сертификатталған курстардан өткен студенттер санын арттыру жоспарланып отыр.

4. Халықаралық және өңіраралық ынтымақтастықты кеңейту

Академиялық ұтқырлықты дамыту, бірлескен жобаларға қатысу және шетелдік серіктестермен жаңа меморандумдар жасау арқылы тәжірибе алмасу және заманауи білім беру практикаларын енгізуге бағытталған жұмыс жалғасады.

Оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі
директордың орынбасары:



Ф.К.Шалова